

**"Бурабай" мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қорғалу аймағын белгілеу туралы"  
Ақмола облысы әкімдігінің 2007 жылғы 23 қаңтардағы № А-2/22 қаулысына өзгеріс  
енгізу туралы**

Ақмола облысы әкімдігінің 2019 жылғы 27 қарашадағы № А-11/580 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 4 желтоқсанда № 7547 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңдарына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Бурабай" мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қорғалу аймағын белгілеу туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2007 жылғы 23 қаңтардағы № А-2/22 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3217 болып тіркелген, 2007 жылғы 20 наурызда "Арқа ажары" газетінде, 2007 жылғы 10 сәуірде "Ақмолинская правда" газетінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

1-тармақта "Еңбекшілдер ауданындағы" сөздері "Біржан сал ауданында" сөздерімен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ақмола облысының әкімі*

*Е.Маржипаев*